

**«Ақбастау» бөбекжай бала-бақшасында өткізілген өндірістік жиналыстың №1 мәжіліс хаттамасы**

**Өткізілген күні:** 06 - қыркүйек 2022 жыл

**Қатысқандар:** Бөбекжай меңгерушісі С.Байымбетов, әдіскер, шаруа меңгерушісі, музыка жетекшісі, медбике, аспаздар, бөбекжай тәрбиешілері, тәрбиеші көмекшілері және т.б. барлық бөбекжай қызметкерлері

**Қатысқандар саны:** 15 адам

**Күн тәртібінде қаралатын мәселе:**

1. Барлық қызметкерлерді лауазымдық міндеттерімен таныстыру
2. Жұмыс орнындағы техника қауіпсіздігі және бала өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулармен таныстыру
3. Ішкі еңбек тәртібі, жұмыс кестесі күн тәртібімен таныстыру

Өндірістік кеңесті бөбекжай меңгерушісі С.Байымбетов ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

**Сөйледі:** күн тәртібіндегі қаралатын бірінші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі С.Байымбетов сөйлеп, қызметкерлерді лауазымдық міндеттерімен таныстырды. Әр қызметкердің негізгі орындауы керектігі жайлы түсіндіріп, лауазымдық міндеттеріне жауапкершілікпен қарауды айтты.

**Сөйледі:** күн тәртібіндегі қаралатын екінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері А.Сатыбалды сөз сөйлеп, жұмыс орнындағы техника қауіпсіздігі және ұйымдастырылған оқу қызметі, серуен, топта болған уақытта әр қызметкер өз жұмыс орнындағы сақтық шараларын сақтауды және аса маңызды бала өмірі мен денсаулығын қорғаудың нұсқаулықтарымен таныстырып, айтып өтті.

**Жарыссөзге шыққандар:** бөбекжай медбикесі У.Бегимбаева сөйлеп, әсіресе осындай карантиндік шектеу шаралары кезеңінде баланың бөбекжайда болған уақыттағы санитарлық - гигиеналық талаптардың сақталуы маңызды екенін айтты.

**Сөйледі:** күн тәртібіндегі қаралатын үшінші мәселе бойынша бөбекжайдың кісіподақ комитетінің төрайымы Б.Коспакова сөйлеп, ішкі еңбек тәртібі мен ішкі күн тәртібімен таныстырды. Бөбекжайда еңбек тәртібінің маңыздылығы жайлы айтып, ішкі тәртіп сақталмаған жағдайда бала өміріне қауіп төнетінін жайлы айтып өтті. Бөбекжайдың ішкі еңбек

тәртібінің ережесі мен жұмыс кестесімен таныстырып, бекітуге ұсыныс айтты. Бұл ұсынысты бөбекжай қызметкерлері түгел қолдады.

**Өндірістік кеңестің шешімі:**

1. Бөбекжайдың барлық қызметкерлері лауазымдық міндеттерімен таныстырылып, өз міндеттерін орындасын.
2. Жұмыс орнындағы техника қауіпсіздігі және бала өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулар талаптары сақталынсын.
3. Ішкі еңбек тәртібі, жұмыс кестесі, күн тәртібі бекітілсін.

төрайымы:



С.Байымбетов.

Хатшы:

А.Сатыбалды

**«Ақбастау» бөбекжай бала-бақшасында өткізілген өндірістік жиналыстың**

**№ 2 мәжіліс хаттамасы**

**Өткізілген күні:** 07 - қараша, 2022 жыл.

**Қатысқандар:** Бөбекжай меңгерушісі С.Байымбетов, әдіскер, шаруа меңгерушісі, музыка жетекшісі, медбике, аспаздар, бөбекжай тәрбиешілері, тәрбиеші көмекшілері және т.б. барлық бөбекжай қызметкерлері

**Қатысқандар саны:** 16 адам

**Күн тәртібінде қаралатын мәселе:**

1. Стандарт талаптарына сай топтарды жабдықтау. Жиһаздардың ахуалын тексеру, қауіпсіз жағдай жасау.
2. Шынықтыру – сауықтыру жұмыстарының барысы, жұмыстарының барысы, жарақаттың алдын алу үшін нұсқаулар жүргізу.
3. Балаларға ауру сырқаулық талдау жасау.
4. Ұжымда дұрыс психологиялық ахуал құру. Еңбек тәртібі.

Өндірістік кеңесті бөбекжай меңгерушісі С.Байымбетов ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

**Тыңдалды:** Өткен өндірістік кеңес шешімдерінің орындалуы туралы айтып өтіп, қорытындылады.

**Сөйледі: күн тәртібіндегі бірінші мәселе** бойынша бөбекжайдың шаруа меңгерушісі С.Байымбетов сөйлеп, стандарт талаптарына сай топтарды жабдықтау, жиһаздардың ахуалын тексеру, қауіпсіз жағдай жасау туралы айтты. Топтарды жабдықтау ережеге сай, яғни Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің №615 қаулысына сай санитарлық - эпидемиологиялық талаптарға сәйкес жүргізіледі. Жиһаздардың сынық болмауы, мықты бекітілуі, қауіпсіз жағдайда болуы күнделікті бақылауда болып, тексеріліп отырылады. Тәрбиешілердің, тәрбиеші көмекшілерінің, медбикенің топтарда қауіпсіз жағдайдың болуы керек екеніне жауапты екенін айтып өтті.

**Сөйледі: күн тәртібіндегі қаралатын екінші мәселе** бойынша бөбекжай медбикесі У.Бегимбаева сөйлеп, шынықтыру- сауықтыру жұмыстарының барысы туралы және жарақаттың алдын алу үшін жүргізілетін нұсқауларды таныстырды. Балалар жарақат алмауы үшін,

алдын ала балалардың ойын бөлмесінің, жатын бөлмесінің, ауланың т.б. бөлмелердің, заттарының, қауіпсіз болуы тексерілуі қажет екенін айтып, нұсқаулармен таныстырды.

Шынықтыру -сауықтыру жұмыстарының барысы жоспарға,циклограммаға сай жүргізіліп жатқанын,яғни балалар таза ауаға, серуенге өз уақытысымен шығады.Ұйқыдан тұрған соң ұйқы ашу жаттығулары,нүктелі уқалау «Рига» әдісі т.б. шынықтыру түрлері жас ерекшеліктеріне сай өткізілуде деді.

**Жарыссөзге шыққандар:** Әдіскер А.Сатыбалды көзге арналған шынықтыру жаттығу түрлері туралы айтып, жасалу жолдарын көрсетті.

**Сөйледі: күн тәртібіндегі қаралатын үшінші** мәселе бойынша бөбекжай медбикесі У.Бегимбаева балалардың денсаулығы туралы,яғни ауру сырқаулық туралы талдау жасады.Балалардың қандай ауру түрлерімен көбірек ауырып жүргенін айтып айтып,алдын алу шаралары туралы кеңес оқыды.

**Сөйледі: Күн тәртібіндегі төртінші** мәселе бойынша кәсіподақ кеңесінің төрайымы Б.Коспакова сөйлеп, ұжымда психологиялық ахуал дұрыс екенін, қызметкерлер бір- бірімен жақсы қарым қатынаста екенін айтты.

#### **Өндірістік кеңестің шешімі:**

1. Стандарт талаптарына сай топтар жабдықталып,қауіпсіз жағдайда болуын қадағалау жалғастырылсын.
2. Шынықтыру сауықтыру шаралары жалғастырылып,жарақаттың алдын алу нұсқаулықтары сақталынсын.
3. Балалар ауруларының алдын алу жұмыстары жүргізілсін.
4. Ұжымда дұрыс психологиялық ахуал сақталып, еңбек тәртібі сақталынсын.

төрайымы

Хатшы:



С.Байымбетов.

А.Сатыбалды

«Ақбастау» бөбекжай бала-бақшасында өткізілген өндірістік жиналыстың

### № 3 мәжіліс хаттамасы

Өткізілген күні: 29 - сәуір 2023 жыл.

**Қатысқандар:** Бөбекжай меңгерушісі С.Байымбетов, әдіскер, шаруа меңгерушісі, музыка жетекшісі, медбике, аспаздар, бөбекжай тәрбиешілері, тәрбиеші көмекшілері және т.б. барлық бөбекжай қызметкерлері

**Қатысқандар саны:** 16 адам

#### Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Жаз мезгілінде азық-түлік пен тамақтар сапасын арттыру. «10-күндік ас мәзірін құру
2. Тазалық, тамақтану, дезинфекция, ережесін сақтау. Шұғыл бақылау
3. Балабақшаның ағымдағы жөндеуі туралы

**Тыңдалды:** Өндірістік кеңесті бөбекжай меңгерушісі С.Байымбетов ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды. Өткен өндірістік кеңес шешімдерінің орындалуы туралы айтып өтіп, қорытындылады.

**Сөйледі: күн тәртібіндегі бірінші мәселе** бойынша бөбекжайдың дәмбикесі У.Бегимбаева сөйлеп, жаз мезгілінде азық-түлік пен тамақтар сапасын арттыру және «10-күндік ас мәзірін құру туралы сөйледі. Жаз мезгілінің ас мәзіріне жемістер мен көкөністер, әр түрлі дәрумендер қосылған салаттар қосылатынын және нормасы көбейетенін айтты. 10 күндік ас мәзірін құруда осы айтылғандар қосылып, 10 күнде бір тағам түрі қайталанбайтынын және жаз мезгілінің ас мәзірі дәрумендермен толықтырылатынын айтып өтті.

**Сөйледі: күн тәртібіндегі қаралатын екінші мәселе** бойынша бөбекжай медбикесі У.Бегимбаева сөйлеп, тазалық, тамақтану, дезинфекция, ережесін сақтау бойынша шұғыл бақылау нәтижесі туралы айтты. Тазалық сақтау, балаларды тамақтандыру, дезинфекция ережелерін орындау жұмыстарына күнделікті бақылау жүргізіп отырғанын және талап орындалмай қалған кезде, дәл уақытында ескерту беріп, түзеттіріп отырғанын айтып, қорытындылады.

**Жарыссөзге шыққандар:** шаруа меңгерушісі С.Байымбетов сөйлеп, жаз мезгілінің жақындағанына қарай, балабақша ауласының, бастырмалардың тазалағына көңіл бөлу туралы ұсыныс айтты. Сонымен қатар балалардың

тамақ ішетін ыдыстарының шеті сынатындай жағдайда тез ауыстыру керектігін айтты.

**Сөйледі: күн тәртібіндегі қаралатын үшінші** мәселе бойынша бөбекжайдың шаруа меңгерушісі С.Байымбетов сөйлеп, балабақшаның ағымдағы жөндеуі туралы айтты. Жаз мезгілінің соңына қарай әр топта кезекпен ағымдағы жөндеу жұмыстары , яғни әктеу, сырлау, кілем жуу т.б. жүргізілетінін айтты. Ұжымға әр топтың қызметкерлері ынтымақтасып, бір – біріне көмектесіп, бірге жұмыс жасауға шақырды.

### **Өндірістік кеңестің шешімі:**

- 1.Жаз мезгілінің ас мәзірі құрылып, ас мәзірінің сапасы талапқа сай арттырылсын, 10-күндік ас мәзірі құрылсын.
- 2.Тазалық, тамақтану, дезинфекция, ережесін сақтау бойынша шұғыл бақылау нәтижесі «жақсы» деп бағаланып, белең алған кемшіліктер жойылсын.
3. Шілде айының соңынан бастап бөбекжайда ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілсін.

**төрайымы**

**Хатшы:**



**С.Байымбетов**

**А.Сатыбалды**